

Казталов ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2025 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық мәслихатының 2024 жылғы 20 желтоқсандағы № 25-5 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 24 желтоқсанда № 7470-07 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-10 тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі №181 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33110 болып тіркелген) сәйкес, Казталов аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда түрістерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелері - болу құнының 0 (нөл) пайызы бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

С. Мулдашев